



010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,  
Қабанбай батыр данғылы, 19  
Т.:+7(7172) 270-454

010000, Республика Казахстан, город Астана,  
проспект Кабанбай батыра, 19  
Т.:+7(7172) 270-454

№ \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ ж./г. " \_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
О.А. Бектеновқа

**Құрметті Олжас Абайұлы!**

Менің атыма, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі арқылы машина жасау саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлер салалық келісімдер шеңберінде олардан ақша қаражатын өндіріп алу жөніндегі қалыптасқан жағдаймен келіспеу туралы жүгінді.

Мәселен, 2020 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ИИДМ), «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – Ұлттық палата), «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және салалық кәсіподақ арасында 2020-2022 жылдарға арналған салалық келісім (бұдан әрі – салалық келісім) жасалды, ол 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінде 2020 жылғы 7 ақпанда тіркелген.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес салалық келісімге қол қою сәтінде, атап айтқанда Еңбек кодексінің 148-бабының 5-тармағының 2) тармақшасымен Ұлттық палата салалық деңгейде жұмыс берушілердің өкілетті өкілі болып айқындалды.

2020 жылғы 15 қаңтарда Ұлттық палата «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ-дан хат алды, ол кәсіпкерлермен және қауымдастықтармен бірлесіп, Салалық келісімді зерделеп, оған қол қоюға келісім берді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 04 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (16.05.2020 ж. бастап қолданысқа енгізілді) сәйкес Еңбек кодексінің 148-бабының 4 және 5-тармақтары жойылды, осылайша Ұлттық палата жұмыс берушілердің салалық деңгейдегі өкілетті өкілі ретінде алынып тасталды.

Салалық келісімнің 1-бөлімінің 9-тармағына сәйкес, келісім тарапының өкілі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Келісім бойынша оның құқықтары мен

міндеттері оның құқықтық мирасқорына өтеді және жаңа Келісім жасалғанға немесе осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін сақталады.

Осыған байланысты Ұлттық палата әлеуметтік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне салалық министрліктер мен ЖАО-ға Ұлттық палатаның барлық деңгейдегі келісімдерге қол қоюшылар мен тиісті комиссиялар құрамынан шығу рәсімін өткізу туралы хабарлама жіберу туралы хат жолдады.

Сондай-ақ, 2021 жылы машина жасау саласы кәсіпорындарынан келіп түскен өтініштерге байланысты Ұлттық палата Еңбек кодексіне қабылданған түзетулер негізінде салалық қауымдастықтарды тарта отырып, қосымша келісімге қайта қол қою немесе жасасу бойынша ИИДМ жанындағы салалық комиссияның отырысын өткізуге бастамашылық жасады *(2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап ИИДМ-нің өнеркәсіп саласындағы функцияларды қайта ұйымдастыруына байланысты Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне берілді)*.

2021 жылғы 10 желтоқсанда ҚР ИИДМ Индустриялық даму комитеті И.Е.Оспановтың, Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі салалық комиссиясының төрағалығымен «Машина жасаушылардың салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ және машина жасау саласының кәсіпорындарын тарта отырып, Салалық келісімнің күшін жою және Салалық келісімнің жаңа жобасын әзірлеу жөніндегі жұмысты жүргізу туралы шешім қабылданды.

Қазіргі уақытта Еңбек кодексінің 148-бабының 3-тармағына сәйкес салалық бірлестіктер (қауымдастықтар, одақтар), ал олар болмаған кезде салалық ұйымдар жұмыс берушілердің салалық деңгейдегі өкілетті өкілдері болып табылады.

Заңнамадағы жоғарыда аталған өзгерістерді Ұлттық палата сарапшылары сотта бірнеше рет айтқан.

Сонымен қатар, ҚР ИИДМ салалық деңгейде әлеуметтік әріптестікті қамтамасыз ететін орган ретінде аталған жұмыс бүгінгі күнге дейін аяқталған жоқ, өйткені Еңбек кодексінің 148-бабындағы өзгеріс негізінде салалық келісімге қайта қол қою немесе салалық қауымдастықтарды тарта отырып, қосымша келісім жасасу жөнінде шаралар қабылданбаған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Сізден уәкілетті органдарға Салалық келісімді қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру және машина жасау саласындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдауды тапсыруыңызды сұраймын.

**Құрметпен,**

**Қ. Нұров**

**Согласовано**

04.06.2024 15:29 Корректоры - тексерген: Н. Жакенова

04.06.2024 15:44 Токсанбаев Кайрат Ботаевич

06.06.2024 10:18 Кусаинов Азамат Ерболович






**Подписано**

10.06.2024 11:44 Нуров Канат Ильич



Данный электронный документ DOC ID KZ9RWM520241026278511D70F3 подписан с использованием электронной цифровой подписи и отправлен посредством информационной системы «Казахстанский центр обмена электронными документами» <https://documentolog.com/>.

Для проверки электронного документа перейдите по ссылке: <https://documentolog.com/?verify=KZ9RWM520241026278511D70F3>

Тип документа	Исходящий документ New
Номер и дата документа	№ 07711/12 от 10.06.2024 г.
Организация/отправитель	НПП РК "АТАМЕКЕН"
Получатель (-и)	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Электронные цифровые подписи документа	 Согласовано: Корректоры без ЭЦП Время подписи: 04.06.2024 15:29
	 Согласовано: Токсанбаев Кайрат Ботаевич без ЭЦП Время подписи: 04.06.2024 15:44
	 Согласовано: Кусаинов Азамат Ерболович без ЭЦП Время подписи: 06.06.2024 10:18
	 Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан "Атамекен" Подписано: НУРОВ КАНАТ M1WfAYJ...ez0xzsBOf Время подписи: 10.06.2024 11:44
	 Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан "Атамекен" ЭЦП канцелярии: ШАХМАНОВА МАНАР M1SNQYJ...8iTj10z/ Время подписи: 10.06.2024 12:01

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.